

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

ҚМГ тұрақты даму аспектілерін басқару қағидаттары

ҚМГ өзінің 2022-2031 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясында тұрақты дамуды стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде белгіледі. Оның негізінде барлық бизнес-процесс пен шешім қабылдау процестері тұрақты даму қағидаттарын біріктіруі тиіс.

ҚМГ тұрақты даму аспектілерін басқару қағидаттары тұрақты дамудың мынадай қағидаттарын енгізуге негізделеді:

- **машықтық** - біз кездесулерге, талқылауларға және диалог жасауға ашықпыз; біз мүдделі тараптармен екіжақты мүдделерді ескеріп, ұйым мен мүдделі тараптар арасындағы құқықтар мен балансты сақтауға негізделген ұзақ мерзімді ынтымақтастық құруға ұмтыламыз;
- **есеп беру** - біз экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға әсер ету үшін өзіміз есеп беру керектігін түсінеміз;
- **ашықтық** - біздің шешімдеріміз бен іс-әрекеттеріміз мүдделі тараптар үшін айқын және ашық болуы тиіс;
- **этикалық мінез-құлық** - біздің шешімдеріміз бен әрекеттеріміздің негізі құрмет, адалдық, ашықтық, командалық рух және сенім, адалдық және әділеттілік сияқты құндылықтарға негізделген;
- **құрмет** - біз заңнамадан, жасалған шарттар барысында туындайтын немесе жанама түрде іскерлік өзара қарым-қатынастар аясындағы мүдделі тараптардың құқықтары мен мүдделерін құрметтейміз;
- **заңдылық** - біздің шешімдеріміз, әрекеттеріміз бен мінез-құлқымыз Қазақстан Республикасының заңнамасына және ұйым органдарының шешімдеріне сәйкес келеді;
- **адам құқықтарын сақтау** - Біз Қазақстан Республикасының Конституциясында және халықаралық құжаттарда көзделген адам құқықтарын сақтаймыз және олардың сақталуына ықпал етеміз;
- **сыбайлас жемқорлықпен күрес** - біз барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасай отырып, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне қарсымыз ;
- **мүдделер қақтығысына жол бермеу** - лауазымды тұлғаның немесе қызметкердің жеке мүдделері олардың лауазымдық, функционалдық міндеттерін бейтарап орындауына ықпал етпеуі тиіс;
- **жеке мысал** – біз әрқайсымыз күн сайын өз іс-әрекеттеріміз, мінез-құлқымыз және қабылданған шешіміміз арқылы орнықты даму қағидаттарын енгізуге ықпал етеміз; басқарушы позициялардағы лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер өзінің жеке іс-әрекетімен орнықты даму қағидаттарын қалыптастыруды ынталандыруы тиіс